1980 жылғы 25 қазандағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенциядан туындайтын міндеттемелерді Қазақстан Республикасының орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 519 қаулысы

«Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2012 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының аумағында 1980 жылғы 25 қазандағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияның (бұдан әрі - Конвенция) ережелерін орындау жөніндегі орталық орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрлігін Қазақстан Республикасының атынан Конвенция ережелерін орындауға уәкілетті орталық орган туралы хабардар етсін;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының атынан Уағдаласушы мемлекеттердің Конвенцияға қосылуын тану туралы мәлімдесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК